

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2025 жылғы 27 маусымдағы № 225 шешімі

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 26-бабының 1-тармағына 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Сүйінтаева

2025 жылғы 27 маусымдағы
№ 225 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша
2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері

Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	239,88
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	696,33
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	193,42
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	189,02
5.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	23,20
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	208,27
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	586,27
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	161,22
10.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	161,22
11.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-